

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Оқу ісі жөніндегі проректор
А.К. Хикметов

«_____» _____ 2020 ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
дың Ғылыми-әдістемелік кеңесі
мәжілісінің № 6
хаттамасымен бекітілген
«22» маусым 2020 ж.

**«8D02206 - ТАРИХ»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D02206 – Тарих» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес жасалынған. Құрастырушылар: т.ғ.д., профессор Р.С. Жарқынбаева, PhD, аға оқытушы А.О. Кошымова.

Бағдарлама «Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану», «Қазақстан тарихы» кафедраларының отырысында қарастырылған.
№ 36 хаттамасы «19» мамыр 2020 ж.

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану
кафедрасының меңгерушісі

Г.С. Султанғалиева

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Б.Б. Кәрібаев

Факультеттің әдістеме бюросында мақұлданған _____
№ 10 хаттамасы «29» мамыр 2020 ж.

Әдістеме бюросының төрайымы

У.М. Джолдыбаева

Ғылыми Кеңестің отырысында бекітілген
№ 10 хаттамасы «29» мамыр 2020 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы,
тарих, археология және этнология
факультетінің деканы

М.С. Ноғайбаева

Ғалым хатшы

Г.Е. Абикенова

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша қабылдау емтиханының мақсаты мен міндеті

«Тарих» мамандығы бойынша қабылдау емтиханының мақсаты үздіксіз білім беру принципі мен әлемдік еңбек нарығындағы сұранысқа сай, Қазақстан Республикасында интеграцияланған білім кеңістігінде ғылыми кадрларды (PhD докторларды) қалыптастыруда, үміткердің мамандық аясында ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет аясын кеңейтуге дайындығын арттыру болып табылады. Үміткерлердің дайындық деңгейі Мемлекеттік білім стандартының магистратура бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес болу керек. Үміткер өзінің жоғары деңгейдегі кәсіби тарихи ойлау, тарихи заңдылықтардың мәнін түсіну, шетелдік теориялық және тарихнамалық мектептер білім, тарихи мәтіндерге, деректерге және классиктердің еңбектеріндегі тарихи ойларға анализ жасап, өзіндік логикалық ойлау дағдысын қалыптастырып, өз ой-пікірін дәлелдей білу сынды қасиеттерге ие болу қажет.

Бағдарламаның міндеті: қабылдау емтиханын сәтті тапсыруға қажетті білім мен түсініктерге қатысты мәселелер ауқымын анықтау

Қабылдау емтиханының бағдарламасында ежелгі және қазіргі таңдағы Отан және дүние жүзі тарихының іргелі мәселелерін қамтитын аса қажетті сұрақтар қамтылған.

2. PhD докторантураға тапсырушыларға қойылатын талаптар

Қабылдау емтиханын тапсыру кезінде талапкер келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- Отандық және шетелдік тарих ғылымының даму үрдісі туралы жүйелі көзқарасы болуы;
- Отандық және шетелдік тарихтың және әлеуметтік гуманитарлық пәндердің қажетті фактілік білімі болуы;
- Мамандықтың теоретико-методологиялық негіздерін, тарихнамалық мектептердің пайда болу заңнамалары мен бағыттарын білу;
- Тарихи ақпараттарды талдау, жүйелеу және жалпылай білу;
- Мамандық бойынша қажетті терминологиялық және лексикалық білімінің болуы;
- Маңызды тарихи оқиғаларға баға беріп және анализ жасағанда кәсіби аргументтілік қасиетіне ие болу;
- Тәуелсіз Қазақстан және әлемдегі тарихшы мамандығының әлеуметтік жауапкершілігін түсіну.

Емтихан сұрақтарына жауап беру барысында келесі мәселелер ескеріледі:

- Тарихи факті мен оқиғаның маңызы мен мәнін аша білу;
- Жүйелілік, сатылылық, логикалық мазмұндау;

- Тұжырымдар мен қортындыларды дәлелдеу;
- Бірегейлігі, шығармашылық тұрғыдан қарауы, талапкердің білімділігі;
- Тарихнамадағы көптеген даулы мәселелеріне өзіндік тұрғыда қарастырып, жүйелей білуі.

3. Білім беру бағдарламасының пререквезиттері

1. Орталық Азияның іргелі мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-методологиялық көзқарас (3 кредит)
2. Әлем тарихының іргелі мәселелерін зерттеудегі инновациялар (3 кредит)
3. Тарихнама және деректану: теориялық-методологиялық негіздері (3 кредит)

1) Орталық Азияның іргелі мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-методологиялық көзқарас

1. XX ғасырдың бірінші жартысындағы тарих ғылымының негізгі даму тенденциялары.

Тарих ғылымының дамуына ықпал жасаған дәуірдің негізгі саяси, әлеуметтік, тарихи тенденциялар. Позитивизм және осы ұстанымды теориялық негіздеген ірі өкілдер. Неоканттық методологиялық парадигма (В. Виндельбанд, Г. Риккерт). Неоканттың негізін салушылардың еңбектеріндегі табиғат туралы ғылымнан айырықша жан туралы ғылым әдісінің ерекшелігі. Феноменологиялық парадигма. Ғылым ортақтығы және объективті танымдағы субъекттің талдау қызметі (Э. Гуссерль). Тарихи герменевтика. Жеке танымдық ұстаным, мәтінді ғана талдау емес, мәтінді құрастырушының тұрғысынан тарихи әдісте қарастыру. В. Дильтеяның интерпретациялық тәсілі-герменевтика негізі бойынша жеке оқиғаларды немесе көріністерді жалпы дәуірдің рухани өмірінің сипаты ретінде түсіндіру. А.С. Лаппо-Данилевскийдің антропологиялық ориенталдық деректануы. «Анналар мектебінің» қалыптасу себептері және маңызы.

2. XX ғасырдың екінші жартысындағы тарих ғылымындағы негізгі тенденциялардың дамуы.

Тарих ғылымына ықпал жасаған дәуірдің басты саяси, әлеуметтік, тарихи тенденциялары. Соғыстан кейінгі «Анналар мектебі» және оның түрлі бағыттарының қалыптасуы.

3. Жаңа тарих ғылымы.

«Жаңа тарих ғылымының» басты сипаты тарихи зерттеудің нысанасы адам, баяндау тарихынан бас тартып, арнайы тарихи және әлеуметтік гуманитарлық пәнаралық әдістерді қолдану. Жаңа тарих ғылымының басты ұстанымы: тарихи синтез, тотальді тарих, микро және макротарих ұстанымдарын ұштастыру, антропологиялық ұстаным, көппәндік және пәнаралық синтез.

4. «Жаңа тарих ғылымының» негізгі ұстанымдары. Микротарихи ұстаным. Микротарихтың пайда болуы.

Микротарихи ұстанымның негізгі принциптері. Өткенді зерттеудегі тарихи-антропологиялық ұстаным және антропологиялық тарихтан бөлінген жаңа бағыттар. Күнделікті тарих. Жаңа әлеуметтік тарих. Зерттеуде басты назар қоғамдық организмнің құрамы әлеуметтік құрылым және үдерістер емес жеке адам болып табылатындығына ерекше көңіл бөлінеді. Жаңа әлеуметтік тарихтың сипаты (адам өзін ұстаудағы әлеуметтік түсініктеме және әлеуметтік-мәдени тәжірибе). Күнделікті өмірдегі адам және билік қатынасы, отбасы мәселесі, отбасы, баланың дүниеге келуі және тәрбие беру, білім, материалдық жетістіктер, қоғамдық ұйымдар, қоғамның моральдік және психологиялық саулығы, шарапқұмарлық мәселесі, қылмыс, нашақорлық, сенім белгілері, мифтер, ритуалдар, сөлесу тәжірибесі.

Әскери-тарихи антропология. Сипаттық белгілері. Соғыстың ортақтығы мен ерекшелігін зерттеу, социумның психологиясына ықпалы, құндылықтарды талдау, сенім, соғыс кезіндегі барлық әлеуметтік категориялардың дәстүрі, оның барысы, аяқталуы және оның салдарлары тарихи кооперация негізінде және әскери ғылымда, психология, әлеуметтануда.

Жеке өмір тарихы және осы ғылыми бағыттың даму жолдары. Жеке өмір тарихының бағыт ретінде туындауы. Бұл бағыттың негізгі методологиялық принциптері. Демографиялық өзін ұстау зерттеу объектісі.

5. Постмодернизм шеңберіндегі басты ұстанымдар.

Постмодернизм түсінігі. Модернистердің тарих ғылымын сынаудағы негізгі ұстанымдары. Филология ғылымының дамуы және оның гуманитарлық білімге ықпалы, Постмодернизмнің қазіргі жағдайы. Постмодернистік ұстанымның тарихта қолдану мүмкіндігі. Тарихи герменевтика. Герменевтика дегеніміз не. Интерпретациялық түсінік және түсіндірілуі.

Гуманитарлық білімдегі құрылымдардың Структурализмдік төңкеріс және оның тарихқа ықпалы. Эвард Саид және оның ориентализмі Батыстың бөтен мәдениетті игерудегі тәсілі ретінде. Ориентализм түсінігі. Батыстың Шығысты идентификациялаудағы тәсілі мен әдістері. Шығысты Батысқа ашудағы ориентализмнің әдістері. Батыстың Шығыспен қатынасындағы «ақ адам» образы отарлаудың стилі. Қазіргі кезеңдегі ориентализм.

6. Мәдени-семиотикалық ұстаным.

Семиотика түсінігі. Семиотика нені және қалай зерттейді? Таңба түсінігі. Түсінік беретін және түсіндірілетін таңбалар. Бейнеленген таңбалар. Тарихтағы мәдени-семиотикалық ұстаным ерекшеліктері.

7. Постструктурализмдік ұстаным. Мишел Фуко - тарихқа тұжырымдық структурализмді таратуы.

II. Бурдьё бйнесі «қоғам бйнесі және әлеуметтік күнделікті тәжірибе». Әлеуметтік бөліністер кеңістігі кіші жүйе әлеуметтік қатынастары (саясат, экономика, мәдениет).

8. Б. Андерсонның ұлт және ұлтшылдық тұжырымы.

Б.Андерсонның ойдан туындаған қауымдастығы. Символ және ұлттық естелік. Б.Андерсон бойынша ұлттық инструментарлық құрлыс.

9. Тарихи жоба «Естелік орындары (Пьер Нора)»: ұлттық идентификациялаудағы жаңа концепция.

Франциядағы тарихты жазу ұлттық сананы және ұлттық мұраны қалыптастырудағы орны. «Естелік орындар» коллективті тарихи жобаның өткенге деген қатынасты өзгертуі. Ұлттық естелік жаңа концепциясы. Мәдени ортақтық идеясы және мәдени мұра. Тарихты жазудың жаңа ізденістері. Орындарды меморизациялау. Естелік орындар еске түсіру тұрағы ретінде.

10. Постмодерннің ықпалынан туындаған қазіргі заман тарихнамасында қалыптасқан өзіндік ұстанымы бар екі ағым – жаңа мәдени және жаңа зияткерлік тарих.

Тарихқа қатысты мәдениеттанулық ұстанымның анықтамасы (жаңа мәдени және зияткерлік тарихтың тұжырымдық және методологиялық ұстанымдарының жиынтығы).

Жаңа мәдени тарихта әлеуметтік тәжірибе аспектісін назарға алу. Тарихты ұғынудағы және жаңа мәдени тарихта гендерлік тарихтың пайда болуы. Джоан Скотт гендерлік ұстанымның концепциясы. Гендерлік ұстанымның айырмашылығы және тарихи феминология. Гендерлік зерттеу және күнделікті тарих. Интеллектуалды тарих пәні – «кемелділердің» шығармашылығы, қоғамдық тарих, саяси, философиялық, ғылыми және тарихи ойлар. Тарихи таным ұғымының тарихы – жаңа мәдени және интеллектуалды тарихтың тиімді синтезінің жемісі. Тарихи мағлұматты жеткізу, сақтау және оны басқару, оның өндіру тәсілдеріне қызығушылық.

11. Қазақстан тарихының ежелгі және ортағасырлық кезеңін зерттеуде өркениеттілік және модернизациялық ұстанымдарды қолданудың перспективасы.

Қазақстан территориясындағы тайпалардың этникалық және саяси тарихының сабақтастығын зерттеу. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық кезеңін А.Тойнбидің локальді өркениет тұрғысынан түсіндіру. Өркениеттілік ұстаным бойынша ежелгі Қазақстанның этникалық қалыптасуындағы арийлік (үнді-иран және түрік-монғол) компоненттерінің арақатынасын зерттеу. Ортағасырлық Қазақстанның этномәдени дамуындағы араб-мұсылман мәдениеті факторын зерттеудегі өркениеттілік ұстанымды қолдану мүмкіндігі. Еуразия даласындағы номадизмнің генезисін, тарихи зерттеуде А.Тойнбидің шақыру және жауап мифологемасын негізге алу. Қазақстан тарихындағы мемлекеттіліктің генезисін, түрін, және эволюциясын зерттеуде Вебердің биліктің әлеуметтілігі негізінде зерттеу. Вебер концепциясы бойынша қазақ қоғамының құрылымын талдау (әлеуметтік стратификациялық талдау, қоғам әлеуметтік топтардың конгломераты). Көшпелі қоғамның отырықшы өркениетке ықпалы мәселесі А.Тойнбидің өркениеттілік ұстанымы бойынша. Скиф-сақ және көне түріктердің мәдениетінің Қазақстанның мәдениетінде алатын орнын О.Шпенглердің өркениеттілік ұстаным тұрғысынан қарастыру.

Орта ғасырлардағы түркі мемлекеттеріндегі этномәдени үдерістердің бағыттары Карл Ясперстің уақыттың осі концепциясында. XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан тарихы Иммануил Валлерстайнның әлемжүйесі ұстаным тұрғысынан монғол дәуірін зерттеудің перспективасы. Көшпелі халықтардың мемлекеттілік мәселесінің зерттелуі және неоэволюционизм.

12. Отан тарихының ортағасырлық кезеңін зерттеуде жаңа тарих ғылымының мүмкіндіктері

Дәстүрлі ауызша тарих негізінде ортағасырлық адамның сенімі және түсінігі, дәстүрді зерттеу және психотарих. Менталді тұжырым бойынша XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-өзбек қатынастарын зерттеу. Археологиялық, этнографиялық және фольклорлық мағлұматтар бойынша орта ғасырлардағы қазақтың күнделікті өмірі.

13. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеудегі постмодерндік ұстанымдар.

Қазақ халқының ауызша шығармашылығы негізінде дискурс-талдау әдісінің «қазақ» этимологиялық этнонимді зерттеудегі мүмкіндіктері. Түрік қағандарының, Монғол империясының және монғол дәуірінен кейінгі мемлекеттік құрылымыдардағы, Қазақ хандығындағы билік мәселесін жаңаша репрезентациялауда мәдени-семиотикалық ұстаным. Қазақ халқының ауызша шығармашылығындағы жүз мәселесі структурализмдік ұстаным тұрғысынан. Қазақстанның этногенетикалық тарихы шежіресі дискурс-талдау негізінде. Ауызша шығармашылықтағы қазақтардың діни сенімдері мәдени-семиотикалық ұстаным бойынша. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамындағы әйел мәселесі дәстүрлі ауызша тарихта.

14. XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихын зерттеуде жаңа тарих ғылымының ұстанымдарын қолдану.

Лаппо-Данилевский антропологиялық бағыттағы деректану концепциясы бойынша қазақ-орыс қатынастарының құжаттарын жаңаша оқу. Ментальді тарих тұрғысынан Ресейдің отарлау саясатына қарсы XIX-XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық күресті зерттеу. Әскери-тарихи антропология және Ұлы Отан соғысы кезеңін жаңаша зерттеу мүмкіндігі. XX ғасыр басындағы төңкерістер кезеңі, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихы әлеуметтік психология әдістерінің негізінде зерттелуі. Жаңа әлеуметтік тарих, күнделікті тарих және микротарих ұстанымдары кеңестік шындықты зерттеудегі мүмкінділігі.

15. Постмодернистік ұстанымның XX-XXI ғасырдағы Отан тарихында қолдану перспективасы.

XVIII -XX ғасыр басындағы қазақ-орыс қатынастары Э.Саид ориентализм концепциясы негізінде. Ұлттық интеллигенцияның тарихи мұраларын, Қазақстанның көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлерін жаңа зияткерлік тарих ұстанымы тұрғысынан зерттеу. Постмодернизм тұжырымы және қазіргі қазақ қоғамының тарихи санасын зерттеу. Кеңестік Қазақстандағы девианттық мінез-құлық феноменін зерттеу. Жаңа әлеуметтік тарих. XVIII – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін зерттеу. Қазіргі этностық үдерістерді зерттеуде әлеуметтанудың

қолданбалы әдістері (мысалы, сауанамал алу, интервью). Қазіргі әлеуметтік тұжырымдар-әлеуметтік стратификация, билік, қазіргі этнодемографиялық үдерістерде талдаудағы конфликт.

2) Әлем тарихының іргелі мәселелерін зерттеудегі инновациялар

1. Тарихты дәуірлеу мәселесі.

Өркениеттердің даму сатысы. Дамыған қоғам кезеңделуінің критерилері. Постиндустриалды қоғам түсінігі. Модернизация теориясы. Неоэволюционизм. Жүйелі әлем.

2. Ежелгі, ортағасырлар тарихының теоретикалық, методологиялық мәселелері.

Билік қатынасындағы теоретикалық, методологиялық мәселелер. Ежелгі Батыс пен Шығыс өркениеттерінің тарихи-мәдени мұрасы. Антикалық өркениет. Батыс пен Шығыс арасындағы Византия өркениеті. Рим құқығының негізгі институттары (пайда болуы, дамуы және рецепция) және олардың қазіргі еуропа құқығының дамуындағы орны мен рөлі. Ортағасырлық кезең: қоғам, саясат, мәдениет. Ортағасырлық әлеумет және оның дамуы.

3. Батыс пен Шығыс этностарындағы рухани және мәдени байланыс мәселелері.

Батыс пен Шығыс: түсінігінің мазмұны, байланыстардың бастауы. Ежелгі және ортағасырлардағы Батыс пен Шығыс. Аймақтық өркениет. Дін мен саясат. Батыс пен Шығыстың ара қатынасындағы Ұлы Жібек жолы. Элита мен бұқараның діні мен саяси мәдениеті. Өркениеттер және олардың байланысы: қарым-қатынас, диалог (монолог), қарсы тұру. М. Бубер, М. Бахтин бойынша диалог және қарым-қатынас. Өркениеттер қақтығысы концепциясы Батыс өркениетінің монологы ретінде. Дін батыс пен шығыс мәдениеті мен өркениетін зерттеудің теоретико-методологиялық негізі ретінде.

4. Еуропа және Азиядағы феодалдық қатынас генезисінің мәселелері.

Феодалдық иерархия және вассалитет жүйесі. Солтүстік Франциядағы феодализм. Классикалық феодализм генезисіне кедергі болған факторлар. Азия және Африка елдеріндегі феодалдық құрылымның тархы. Шығыс елдеріндегі феодалдық қатынастардың пайда болу мәселелері. Қытай тархындағы пікірталастар. Құлиеленушілік қоғам және алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі феодализм элементтерінің пайда болуы.

5. Дәстүрлі қоғамнан индустриалды қоғамға өту мәселесі.

Модернизациялық тұрғының теоретико-методологиялық мәселелері және оның дамуының негізгі кезеңдері. Дәстүрлі қоғамнан индустриалды қоғамға өтудің уақытша және кеңістіктік өлшенуі.

6. Формациялық және өркениеттік зерттеудің ара қатынасы.

Қоғам уақыт кеңістігіндегі қозғалыс пен қатысқа түскен жүйе ретінде. Маркстің қоғамның тарихи дамуы іліміндегі мағына мен негізгі түсініктер. Қоғам дамуындағы формациялық және өркениеттік байланыс.

7. Постиндустриалды қоғам теориясы.

Постиндустриалды қоғам концепциясының қалыптасуы. Постиндустриалды экономиканың пайда болу себептері. Деиндустрияландыру.

Техникалық өзгерістер. «Шеберлер сыныбы». Постиндустриалды қоғамның әлемдегі орны. Постиндустриалды қоғам теориясын сынға алу.

8. Жаңа және қазіргі заман кезеңінің саяси теориялары.

Негізгі идеологиялық бағыттың қалыптасуы. Либерализм мен консерватизмнің негізгі принциптері. XIX ғ. әлеуметтік ойлары. Анархизмнің саяси доктринасы. Әлеуметтік-саяси теориялар және олардың жүйелі зерттелінуі. Легитимді биліктің үш түрі. XX ғ. соңы Жаңару кезеңінің аяқталуы. Үш негізгі идеология және олардың XX ғ. өмірі: либерализм (оң және сол), коммунизм (марксизм, социализм және социал-демократияны қоса есептегенде), фашизм (ұлттық-социализм және қазіргі «үшінші жол» — Франко ұлттық-синдикализм, Перонның «хустисиализмі», Салазара режимі және т.б.).

9. Жаңару және реформация кезеңіндегі ойлау жүйесі мен қажеттілікті таңдай білудегі жаңашылдықтар.

Жаңару феноменінің әлеуметтік мағынасы. Гуманизм. Эразм Роттердамский. Жеке тұлғаның шығармашылық культі мен адамдық қасиеттері. Индивидуалдылық пен индивидуализм шығармашылығы. Реформация және Контрреформация кезеңіндегі Еуропа. Батыс христиандардың дамуымен адамдардың белсенді өмір түріне бейімделе бастауы. Құдайға тағзым етудің жолы күнделікті еңбек ету. Адамдардың қоршаған ортаны тануға, игеруге дайын болуы.

10. Ұлы географиялық ашулар мен еуропалық колониалды экспансиясының басталуы.

Ұлы географиялық ашулардың себептері мен алғышарттары. «Жақын Атлантиканың» игерілуі. Каравеллалар. Теңіз ісінің дамуындағы Испания мен Португалияның рөлі. Ұлы географиялық ашулар. Әлем картасы. Өркениет аралық диалогтың басталуы және оның адам өміріне әсері: Жаңа Әлемнің дәстүрлі өркениетінің ауысуы және құлауы, олардың Батыс өркениетінің дамуына қосқан үлесі. Әлем қабылдауының жаңа кеңістігінің пайда болуы.

11. Отаршылдықпен одан шығу.

Отаршылдық алғышарттары. Отарлау сипаты. Отарлаушы империялар: Австро-Венгриялық, Бельгиялық, Британдық, Германдық, Османдық (Оттоман) империя, Жапон. Отардан шығу және қазіргі мемлекеттердің пайда болуы. Неоотаршылдық.

12. Прогрестің экономикалық және революциялық моделі.

XX ғ. басындағы Батыс Еуропа мен Америка елдеріндегі Монополистік капитализм. Өндірістік және қаржы саласындағы монополизация үдерісі. XX ғ. басындағы шаруашылық өмірдегі монолияның жаңа рөлі. Әлемдік шаруашылықтағы өзгерістер. Франция: прогрестің революциялық моделі.

13. XXI ғасырдағы Әлем.

Ақпараттық экономиканың құрылуының негіздері. Дәстүрлі салалардағы дағдарыс. Индустриализм Шығысқа «ұмтылуда». Қоршаған орта мәселесі. Жаһандану және антижаһандану. Қазба байлық үшін қақтығыс. Болашақ технологиясы. Әлем кеңістігіндегі әлеуметтік дифференциация және саяси нар тәуекелдің өсуі. Халықаралық терроризм және жаңа әлемдік иерархия. Үшінші әлем мемлекеттері. Дамудағы жетістіктеп мен қиындықтар. Дәстүрлі құрылым

мен жаңа үрдіс қақтығыстары. Әлемдік экономикадағы қайта бөлісу үшін күрес.

3) Тарихнама және деректану: теориялық-методологиялық негіздері

1. Деректану және тарихи таным.

Өткеннің әсері таным объектісі ретінде. Тарихи танымның ретроспективті және реконструктивті түрлері.

2. Тарихи деректердің сыныпталу мәселесі.

Дерек түрлерінің айқындалуы: заттай, жазба, шығармашылық және фонетикалық. Жазба деректерінің түрлік сыныпталуы. Жалпы деректер туралы түсінік.

3. Тарих әдістемесі мен деректану әдістемесінің қатынасы.

Тарихи деректердің сыны туралы білімнің жинақталуы. Тарихи концепция және деректанулық зерттеу әдістері мен құжаттарды пайдаланудың байланысы. Тарихи танымның әр түрлі теорияларына сәйкес деректанулық анализдің негізгі принциптері. Материалистік диалектідегі тарихилық және объектілік принципі.

4. XVIII ғ. мен XIX ғ. I жартысындағы экономикалық, географиялық және статистикалық мәліметтер тарихи дерек ретінде.

Әр түрлі объектілердің сипаттайтын материалдардың пайда болуына мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси, әскери қажеттіліктерінің рөлі. Олардың тарихи деректердің басқа да түрлерімен қатынасы. Экономикалық, географиялық және статистикалық мәліметтерді зерттеудің методы.

5. Мерзімді басылым тарихи дерек көзі ретінде.

Қазақстандағы мерзімдік басылымдардың пайда болу уақыты мен жағдайы. Алғашқы мерзімдік басылымның басшылары. Басылымдардың жүйелілік принципі. Мерзімдік басылымдардың жанрлық ерекшеліктері. Мерзімдік басылымдарда шынайылықтың жариялану мәселесі.

6. Заманхат, күнделік, жеке жазбалар тарихи дерек көзі ретінде.

Заманхаттанудың уақыты мен пайда болуы жағдайы. Заманхаттардың әлеуметтік қызметі. Заманхаттардың тарихи дерек көзі ретінде қалыптасу кезеңі. Заманхаттық әдебиет түрлерінің негізгі ерекшеліктері. Заманхаттардың тақырыптық ерекшеліктері. Заманхаттарда шындықтың жазылу эволюциясы. Мерзімдік басылымдардың заманхаттарды дамытуындағы рөлі. Деректер мен күнделіктердің пайда болуы. Заманхаттар мен жеке деректердің қатынасы.

7. Статистикалық деректер.

Статистиканың дамуын анықтайтын негізгі факторлар. Мемлекеттік статистикалық қызметтің пайда болуы. XIX-XX ғғ. статистиканың негізгі бағыттары, олардың түрі мен статистика жинаудың әдістері. Отандық тарихшылардың компьютерлік технология көмегімен статистикалық материалдарды зерттеуде қосқан үлесі. 1897 ж. халық санағы, халықтың әлеуметтік құрылымын анықтау әдісі, негізгі басылымдар.

8. Тарихи дерек әлеуметтік ақпаратты тасымалдаушы ретінде.

Өткен тарих таным объектісі ретінде. Тарихи танымның ретроспективті және реконструктивті сипаты. Әлеуметтік ақпаратты

тасымалдаудың түрлері. Әлеуметтік ақпараттың деректері. Тарихи ақпарат дамуының негізгі үрдісі. Заманауи технологиялар: компьютерлік деректану.

9. Зерттеушінің дерекпен жұмыс істеуінің негізгі кезеңдері.

Деректерді анықтау және табу. Деректанулық және мәселелік тұрғы. Деректанулық анализдің міндеті. Деректің пайда болуындағы тарихи алғышарттар. Деректің сыртқы сыны: ескерткіштің сыртқы ерекшеліктерін анықтау, оның шынайылығын анықтау, мәтінді оқу, уақытын анықтау, орны, авторы және деректің туындауындағы себептер мен жағдайын анықтау. Деректің ішкі сыны: мәтінді аудару, оның шынайылығын бағалау, алынған ақпараттың ғылыми маңыздылығын анықтау.

10. Тарихи таным мен деректану.

Зерттеудің деректік базасын жинаудың принциптері. Өткен тарих ескерткіштерін тарихи дерек көзіне айналдыру. Тарих пен дерек «диалогы». Тарихи деректегі ақпараттың берілу мәселесі.

11. Деректанудың тарих ғылымындағы жеке бағыт ретінде қалыптасуы.

Тарихи танымның әр түрлі теорияларында тарихи дерек туралы түсінік. Тарихи ескерткіштерге дерек көзі тұрғысында қараудың принциптері (Ф. Шлейермахер, Г. Нибур және т.б.). Деректі зерттеудің екі жолы: түсіну туралы ілім (герменевтика) және сын туралы ілім. Деректанудың неміс мектебі (Л. фон Ранке). Позитивизм: деректердегі мәтінді сыни зерттеудің әдістері (дайындалған сын, пайда болу сыны, ішкі сын, салыстырмалы анализ).

Деректерді сыныптаудың алғашқы тәжірибесі (В.Н. Татищев). Деректерді жүйелеудің қалыптасуы. Деректануда концепциялардың пайда болуы (А.С. Лаппо-Данилевский: «деректану методологиясы», «тарихи құрысытың методологиясы»). «Анналар» мектебі және неоканттықтағы деректану. Отандық деректанудың қазіргі жағдайы.

12. Тарихтың теориясы мен методологиясы.

Тарихи таным теориясы мен методы арасындағы қатынас. Тарихи методологияның қалыптасуындағы тарих пен дерек. Объект пен тарих пәнінің ғылым, тарихи уақыт пен кеңістік ретінде сипатталуы. Тарихи зерттеудің принциптері, тарих ғылымындағы жалпы ғылыми методтар, арнайы тарихи методтар, екі ғылымнан құралған метод, зерттеу міндетін шешудегі әдіс пен методология.

13. Отандық тарихнама: қалыптасу ерекшеліктері.

Отандық тарихнамада әртүрлі бағыттар мен мектептердің қалыптасуы мен эволюциясы және олардың саяси ойлармен байланысы. Тарихи ойдың өркениеттік және қоғамдық дамудағы жалпы мәселелер. Тарихнаманың әр түрлі мектептеріндегі ірі, нақты тарихи және әлеуметтік мәселелер.

14. Шетел тарихнама ғылымының тарих.

Батыс Еуропа мен Америкадағы тарих ғылымының дамуы мен пайда болуының негізгі кезеңдері мен үдерісі. Шетел тарихнамасындағы әр түрлі бағыттар мен мектептердің қалыптасуы мен эволюциясы және оның саяси ойлармен байланысы. Тарихи ойдағы өркениет пен қоғам дамуының жалпы

мәселелері. Тарихнаманың әр түрлі бағыттарындағы нақты тарихи және әлеуметтік мәселелер.

15. Негізгі методологиялық принциптер мен мәселелер.

Тарихи танымның объектілік мәселесі. Тарихи таным объектісінің ерекшеліктері. Тарихи үдерістің құрылымдың деңгейі: өткені, қазіргі кезеңі мен болашағы. Тарихи үдерістегі қайталау және бірегейлік, себепті заңдылық пен шарттар. Тарихтағы жалпылық пен ерекшелік. Тарихи таным мен тарихи дамудағы альтернативтілік мәселесі. Тарихи құбылыстардың типологиясы. Оқиға, құрылым, үдеріс. Олардың қатынасы. Бірегейлілік түсінігі және оның әр түрлі методологиялық бағыттарда сипатталуы. Субъективтілік және оны түрлері. Тарихи үдерістегі субъект рөлі. Адамдардың іс-әрекеті және әрекет жасаудағы себеп.

16. Методология және тарихнама.

Тарихи концепциялардың теоретикалық, методологиялық негіздері, олардың дамуы. Тарих методологиясы дамуының алмасулары. «Ғылыми революция» түсінігі (Т.Кун). Тарихнамадағы «Дағдарыс» феномені жөніндегі пікір таластар және оның тарих ғылымы методологиясының дамуындағы рөлі. Тарихнама типологиясы. Тарихнама дамуының үрлісі: «алғашқы» тарихи оқиғалардан «философиялық» тарихқа дейін (Г. Гегель).

17. Тарихнама дамуының негізгі кезеңдері.

Тарих ғылымының генезисі. Көне эпостар мен батырлар эпостары. Тарихи таным түрлерінің алғашқы аңыздық үлгілері. Антикалық таным: табиғат пен өсімдік. Әлем және ондағы адам, қоғам мен жеке тұлға. Прагматикалық тарих. Ортағасырлық тарихнама: көне прагматизмнен ортағасырлық көріпкелдікке дейін. Антикалық дәстүрдің жаңаруы және дамуы. Жаңа заман тарихнамасы. Өткенді зерттеуде ғылыми тұрғының пайда болуы. Ағартушылық тарихнамасы. Позитивизм. Марксизм. Неокантиандық. Модернизм.

18. Ғылымдар жүйесіндегі тарихтың орны.

Ғылымның сыныпталу мәселесі. Ғылымдар жүйесіндегі тарихтың орны. Тарих ғылымының қызметі. Тарихи таным. Тарихи жад. Марксистік тарихнамадағы тарихтың объектісі мен пәні. Тарих пәнінің интегралды сипаты.

Тарих пәні туралы қазіргі пікір таластар мен оның ғылымдар жүйесіндегі орны. “Анналар” мектебінің өкілдері тарих пәні жөнінде. Тарихнаманың қазіргі дамуындағы ділдік тарих тарих пәнінің негізі ретінде. Тарих пәнін туралы «ғылыми» тарих.

19. Тарихты зерттеу әдістері.

Тарихи және логикалық әдістер. Тарихи таным жүйесіндегі негіз ретінде тарихи кеңістік пен уақыт. Тарихи шынайылықты анықтаудың синхронды және диахронды зерттеу мүмкіндіктері: «көлденең» және «тік». Тарих зерттеуінде логикалық әдістің қызметі. Өткенді танудағы тарихи методтың маңызы. Ғылыми танымның маңызды бөлігі ретінде тарихилық принципі. Нақты тарихи зерттеулер жүргізуде тарихилық және логикалық принциптер. Ғылыми таным үдерісінде нақтылық және абстрактілік. Абстрактілеу түрлері мен әдістері. Тарихи зерттеулердің сыныптау және түрлеу. Тарихи зерттеуде жүйеліліктің

маңызы мен жүйелі анализ. Жүйенің функционалды және құрылымдық анализі. Тарихты түрлендірудегі шетел және отандық тарихнама пікір таластары.

20. Тарихи түсінік пен түсіну концепциялары.

Тарихи түсіндіру түрлері. Себепті және мотивациялық түсіндіру моделі. Керіге түсіндіру моделін құрау мүмкіндіктері. Формациялық және өркениеттік жол. К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И. Ленин еңбектеріндегі формациялық тұрғы. Формациялық тұрғы қазіргі заманғы Отан және шетел тарихнамасында қарастырылуы. Н.Я. Данилевский, О.Шпенглер, А.Дж. Тойнби еңбектеріндегі өркениеттілік концепцияларының қарастырылуы. Өркениеттік даму түрін қазіргі отан және шетел тарихнамасындағы тәжірибелер. Тарихты «түсіну» концепциясы. Түсінудегі постмодернизм тарихы.

21. Тарих ғылымының түрі мен деңгейі.

Тәжірибелік және теориялық білім. Тарих білімінің екі түрін анықтауда құбылыс пен негіз. Деректік және деректік емес білім. Тәжірибелік деңгейдегі тарихи таным. Тәжірибелік білімнің логикалық негізделуі. Таризи шынайылықты сипаттау арқылы құрастыру. Ғылыми сипаттау және идеографизм. Тарихи сипаттаудың түрлері. Болжау, түсінік, теория тарихи білімді көрсету түрі ретінде. Идея теориялық білімнің негізгі өзегі ретінде. Ғылыми теория: теоретикалық білімнің аяқталған түрі. Теоретикалық тарихы жөнендегі пікір таластар.

22. Тарихи зерттеулерде түсінік пен категория рөлі.

Түсінік ғылыми білімді көрсету құралы ретінде. Түсініктің мазмұны мен көлемі арасындағы байланыс. Түсініктің сыныпталуы. Категориялары және олардың ғылымдағы рөлі. Категориялардың түрі және деңгейі. Жаңа білімнің пайда болуындағы категориялардың қызметі мен мағынасы. Түсінік мазмұнының өзгеруі, тарихи ғылым дамуындағы категориялық аппарат. Тарих одағындағы ортақ тіл табысу мәселесі. Тарих білімінің пәнаралық сипаты. Тарихилықтың түсініктер мен категорияларды аударудағы рөлі.

23. Тарих біліміндегі шынайылық мәселесі.

Шынайылық категориялары. Тарих біліміндегі шынайылық критерилері жөніндегі пікір таластар. Болжаудың тәжірибелік түрлері. Жалғандықты дәлелдеу арқылы оның шынайылығына көз жеткізу. Тарих үдерісі шынайы білім негізі ретінде. Тарихтағы бағы мен бағалау мәселесі. Тарих біліміне объективті және субъективті баға беру.

24. Тарихи факт және оның қазіргі тарихнамадағы орын алуы.

Тұрмыс пен түсінік қатынасы контекстіндегі тарихи фактінің марксистік концепциясы. Тарихи факт мәселесіндегі диалектілік-материалистік тұрғы. Тарихи фактілер категориялары. Тарихи шынайылық фактісі, тарихи дерек фактісі, ғылыми тарих фактісі және олардың ұқсастықтары мен айырмышылықтары. Тарихи факт классикалық позитивизм ретінде. Тарихи фактінің жаратылыстану ғылымына қарсы қою.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. – Алма-Ата, 1993.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан - Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / Сост. И.В.Ерофеева – Алматы, 1996.
4. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. В 2-х частях. – Алма-Ата, 1993-1994.
5. Байпаков К.М. История древнего Казахстана. – Алматы, 1996.
6. История Казахстана. В 5-ти томах. Т.1, 2, 3. 4. 5.– Алматы, 1996, 1998, 2001, 2010
7. Қазақстан тарихы. 5-томдық. 1,2,3,4, 5 т. - Алматы, 1996, 1998, 2002, 2010
8. Атабаев Қ.М. Деректану. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
9. Жумагулов К.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции. Алматы, 1993. (Монография).
10. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). Алматы, 2002.
11. История Европы. Т. 1-4. – М., 2000.
12. Сидорцов В.Н. Методологические проблемы истории. Учебное пособие. – Минск, 2006.
13. Могильницкий Б.Г. История исторической мысли XX века: курс лекций. Вып. 1. Кризис историзма. – Томск, 2001.
14. Могильницкий Б.Г. История исторической мысли XX века: курс лекций. Вып. 2. Становление «новой исторической науки». Томск, 2003.
15. Могильницкий Б.Г. История исторической мысли XX века: курс лекций. Вып. 3. историографическая революция. Томск, 2008.
16. Гинзбург К. Микроистория: две-три вещи, которые я о ней знаю // Современные методы преподавания новейшей истории. М., 1996. С.207-236.
17. Гуревич А.Я. Историческая антропология: проблемы социальной и культурной истории // Вестник АН СССР.1989.№ 7. С.71-78.
18. Гуревич А.Я. Историческая наука и историческая антропология // Вопросы философии.1988.№ 1. С.56-70.
19. Гуревич А.Я. исторический синтез и школа «Анналов». М., 1993.
20. Кром М.М. Историческая антропология: Пособие к лекционному курсу.Спб, 2004. См. Также сайт: <http://www.countries.ru/library/antropology/krom/>
21. Что такое история повседневности? Ее достижения и перспективы в Германии // Социальная история. Ежегодник. 198\09/99. М., 1999.С.77-100.
22. Репина Л.П. Смена познавательных ориентаций и метаморфозы социальной истории. [Ч.1] // Социальная история. Ежегодник, 1997.М., 1998. С.11-52.

23. Репина Л.П. Вызовы постмодернизма и перспектива новой культурной и интеллектуальной истории // Одиссей.1996. М., 1996.

Қосымша әдебиеттер:

1. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата, 1984.
2. Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане. – Алма-Ата, 1992.
3. Ақынжанов С.М. Қазақтың тегі туралы. - А.,1957.
4. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998.
5. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы, 1994.
6. Алимбай Н.А., Муқанов М.С., Аргынбаев Х.А. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: Очерки теории и истории. – Алматы, 1998.
7. Алдажуманов К.С., Козыбаев М.К. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы, 1997.
8. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы, 1997.
9. Алтаев А.Ш., Жангуттин Б.О. Краткие очерки истории Казахстана. Алматы, 2008г.
10. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. - А.,2000
11. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш (1905-1920).М.,1994.
12. Аныракайский треугольник: историко-географический ареал и хроника великого сражения. Алматы, 2008.
13. Аспандияров Б. Образование Букеевской орды и ее ликвидация. Алматы, 2007.
14. Ахмет А.Қ. Қаратай хан. Алматы, 2007.
15. Ахметова Ұ. Арынғазы хан (1786-1833). Ақтөбе, 2004.
16. Буданова В.П. Этнонимия племен Западной Европы: рубеж античности и средневековья. М., 1991.
17. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40-ые годы XIX века. – Алматы, 1992.
18. Вяткин М.П. Батыр Срым. – М.-Л., 1947; Алматы, 1999.
19. Дулатұлы. М. Шығармалары. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1997.
20. Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы, 2001.
21. Есмагамбетов К.Л. Азатрухтың күрескері. Алматы, 2003.
22. Жумагулов К.Т. Вопросы периодизации всемирной истории на современном этапе // Вестник КазГУ, серия историческая.–2005. – №4(19). – С. 18-25.
23. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. –Алма-Ата, 1958.

24. Жумагулов К.Т. Хозяйственная жизнь древних германцев в свете современных научных дисциплин. Уч. пособие. Алматы, Изд. КазГУ, 1997.
25. Жумагулов К.Т. Развитие ремесел и торговли в древнегерманском обществе до эпохи Варварских Правд. Уч. пособие. - Алматы, Изд. КазГУ, 1997.
26. Колесницкий Н.Ф. Этнические общности и политические образования германцев I - V вв. вып. 48, 1985. - С. 5-26.
27. Кузовков Ю.В. Глобализация и спираль истории. – М., 2010.
28. Қазақстан тарихы бойынша қытай деректемелері. 1 -2 т. -Алматы, 2006
29. Қазақстан тарихы бойынша парсы деректемелері. - 1-2 т. - Алматы, 2006 және т.б.
30. Қазақстан тарихы бойынша араб деректемелері. - Алматы, 2006.
31. Касымбаев Ж.К. Кенесары хан. – Алматы, 1996.
32. Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII-ғасыр. - Астана, 2001.
33. Қинаятұлы З. Ақ Орда. - А.,1998. және т.б.
34. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Кн. 1,2. – Алматы, 2000.
35. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғаласы. - Алма-Ата.1995.
36. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы, 1997.
37. Муканов М.С. Этническая территория казахов в ХУІІІ-начале ХХ веков. – Алма-Ата, 1991.
38. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. – Алматы-М., 1998.
39. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. - Алматы, 2000.
40. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы, 1998.
41. Назарбаев Н.А. На пороге ХХІ века. - Алматы, 1996.
42. Нурпеисов К.Н. Алаш һәм Алашорда. - Алматы.1995.
43. Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже ХІХ- ХХ веков). – Алматы, 2008.
44. Озганбай О. Государственная Дума России и Казахстан (1905-1917). - Алматы, 2000.
45. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. - Алматы, 2004.
46. Румянцева М.Ф. Теория истории. –М., 2002.
47. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана ХVІІІ века (О внутренней и внешней политике Аблая). – Алматы, 1988.
48. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (ХVІІІ – начало ХХ вв.). – Уфа, 2002.
49. Султанов Т.И. Чингиз хан и его потомки. Алматы, 2003.
50. Смоленский Н. И. Теория и методология истории. М., 2008. — 272 с.

51. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. - Алматы, 1991.
52. Сыздықов С. Қарлық мемлекетінің тарихы. - А., 2000.
53. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века. Политико-экономический анализ. – Алма-Ата, 1971.
54. Хасенов Ә. Қазақ тарихының 5000 жылдық баяны. - А., 1996;
55. Шонанұлы Т. Жер тағдыры, ел тағдыры. – Алматы, 1995.
56. Мұхатова О. XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. -А., 2002.
57. Рикер Р. Память, история, забвение. М., 2004.
58. Хайдеггер. М. Основные проблемы феноменологии. Спб., 2001.
59. Лотман М.Ю. Текст в тексте // Труды по знаковым системам. XIV. (Ученые записки Тартуского государственного университета. Вып.567). Тарту, 1981.С.3-18.
60. Успенский Б. А. Семиотика иконы // Успенский Б. А. Семиотика искусства. М., 1995
61. Плюханова М. Б. Сюжеты и символы Московского царства. Спб., 1995.
62. Данилевский И. Н. Древняя Русь глазами современников и потомков (XI–XII вв.). М., 1998.
63. Современные методы преподавания новейшей истории. М., 1996.
64. Социальная история. Ежегодник, 1998/99. М., 1999.
65. Социальная история. Ежегодник, 2000. М., 2000.
66. Социальная история. Ежегодник, 2001/2002. М., 2004.
67. Филюшкин А. И. Методологические инновации в современной российской исторической науке// Actio nova 2000. М., 2000
68. Андерсон Б. Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма. М., 2001.
69. Саид.Э. Ориентализм: Западные концепции Востока. Спб, 2006.
70. Бессмертный Ю.Л. Новая демографическая история // Одиссей.1994.М., 1994.
71. Пушкарева Н.Л. Гендерный подход в исторических исследованиях // Вопросы истории.1998. №6.
72. Франция – память (отрывки). / Ред. П.Нора, Спб.: 1999.
73. Журавлев С. В., Соколов А. К. Повседневная жизнь советских людей в 1930-е годы // Социальная история. Ежегодник. 1997. М., 1998.
74. Зубкова Е. Ю. Общество и реформы 1945–1964. М., 1993.
75. Лебина Н. Б. Повседневная жизнь советского города: Нормы и аномалии. 1920–1930 годы. Спб., 1999.
76. Козлова Н. Н. Горизонты повседневности советской истории. М., 1996.
77. Нарский И. В. Жизнь в катастрофе: Будни населения Урала в 1917–1922 гг. М., 2001.
78. Осокина Е. А. За фасадом «сталинского изобилия»: Распределение и рынок в снабжении населения в годы индустриализации. 1927–1941. М., 1998.

79. Петроград на переломе эпох. Город и его жители в годы революции и гражданской войны. СПб., 2000.

Жауаптар сапасын бағалау шарттары

«Өте жақсы»:

- Пән сұрақтары бойынша терең, толық және жүйелі жауап бере алуы;
- Ғылыми терминологияны дұрыс пайдалану, сұрақтарға стилистикалық жағынан сауатты, логикалық жағынан байланысты жауап беруі, негізделген қорытындылар жасай білуі;
- Сұрақтар бойынша негізгі теориялар, тұжырымдар мен бағыттарды ажырата білу, оларға сыни баға беру, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана білуі;
- Пән әдіс-тәсілдерін жітік меңгеруі, оны сұраққа жауап беру барысында тиімді пайдалана білуі;
- Пән бағдарламасында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттердің мазмұнын толық және терең меңгеруі.

«Жақсы»

- Пән сұрақтары бойынша терең, толық және жүйелі жауап беруі;
- Қажетті ғылыми терминологияны пайдалана білу, сұрақтарға стилистикалық жағынан сауатты, логикалық жағынан байланысты жауап беруі, негізделген қорытындылар жасай білуі;
- Пән әдіс-тәсілдерін меңгеру, оны сұраққа жауап беру барысында пайдалана білу;
- Пән бағдарламасында ұсынылған негізгі әдебиеттердің мазмұнын меңгеруі.
- Сұрақтар бойынша негізгі теориялар, тұжырымдар мен бағыттарды ажырата білу, оларға сыни баға бере білуі.

«Қанағаттанарлық»

- Пән бағдарламасына сай білім деңгейін көрсете білу;
- Пән бағдарламасында ұсынылған негізгі әдебиеттердің мазмұнын меңгеруі.
- Қажетті ғылыми терминологияны пайдалана білу, сұрақтарға стилистикалық жағынан сауатты, логикалық жағынан байланысты жауап беруі, айтарлықтай қатесіз қорытындылар жасай білуі;
- Пән әдіс-тәсілдерін меңгеруі;
- Сұрақтар бойынша негізгі теориялар, тұжырымдар мен бағыттарды ажырата білу, оларға сыни баға бере білуі.

«Қанағаттанарлықсыз»:

- Сұрақтар бойынша жеткілікті білім деңгейін көрсете алмауы;
- Пән бағдарламасында ұсынылған негізгі әдебиеттер мазмұнының бір бөлігін ғана меңгеруі;
- Қажетті ғылыми терминологияны дұрыс пайдалана алмауы, сұрақтарға стилистикалық және логикалық жағынан қате жауап беруі;

- Пән әдіс-тәсілдерін әлсіз меңгеру, сұрақтарға жауап беруде құзыреттілігінің жетіспеуі;
- Тақырып бойынша негізгі теориялар мен тұжырымдарды ажырата алмауы.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тындалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
АТТ-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
АТТ-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

